



Суретті түсіргені – А. ДИЖСЕНБЕК, Е. УЖИЯЕВ

Екіжақты байланыс ілгерілей береді

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Арменияның Сыртқы істер министрі Арарат Мирзоянды қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев екі ел президенттерінің былтыр Қазақстан мен Арменияға жасаған сапарлары өзара қарым-қатынасты жан-жақты дамытуға айтарлықтай серпін бергенін атап өтті.

«Біз Сіздің екі ел арасындағы ықпалдастыққа қатысты ұстанымыңызды қолдаймыз, – деді Арарат Мирзоян.

Ол Армения мен Қазақстанның Сыртқы істер министрліктері және басқа да ведомстволары Қасым-Жомарт Тоқаевтың былтыр Ереванға жасаған ресми сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыру бойынша жұмыс істеп жатқанын жеткізді.

Кездесу барысында сауда-экономикалық, инвестициялық, көлік-логистикалық, мәдени-гуманитарлық салалардағы екіжақты байланысты ілгерілету перспективасы қарастырылды. Қазақстан Президенті отандық бизнес өкілдерінің Арменияға тауар тасымалын 350 млн долларға дейін ұлғайтуға дайын екенін мәлімдеді.

СЫРТ КӨЗ – СЫНШЫ

Карлос Уриарте САНЧЕС, профессор, халықаралық қарым-қатынастар сарапшысы:

Қазақстан-2025: экономика, егемендік және сыртқы позиция



Сурет «Егемен Қазақстан» арнайы алынды

Осы мақаламды Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың қазақ тіліндегі «Ана тілі» газетіне берген сұхбатын саралай отырып жаздым. Сондай-ақ өткен жылдың елеулі оқиғаларын қамтуды жөн көрдім. Бұл ойлар жаңа Қазақстанның екінші президентті бастаған реформаларды халықаралық сарапшы ретінде зерделеуім мен тұрақты бақылауымның нәтижесінде туындады.

Салалардағы реформалар

Орталық Азиядағы ең ірі және экономикасы дамыған мемлекет Қазақстан 1991 жылдың 16 желтоқсанында тәуелсіздік алды. Елдің қазіргі Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қос палаталы Парламентке – Сенатқа (жоғарғы палата) және Мәжіліске (төменгі палата) үлкен функция мен өкілеттік беріп, президенттік саяси жүйесі бар мемлекет құрып жатыр. Аумағы жағынан Қазақстан – 17 облыстан және үш ірі қаладан тұратын унитарлы мемлекет. Өңірлерде өкімдерді сайлау үдерісі неғұрлым белсенді және демократиялық түрде іске асырылып жатыр. Президент

Тоқаевтың сөзімен айтсақ, Қазақстанда «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» саяси жүйесі қалыптасып келеді.

Елдің барлық аймағында 2024 жылы инженерлік және инженерлік инфрақұрылымды жаңғырту жұмысы жүргізілді. 18 млн шаршы метр тұрғын үй, 7 мың шақырым жол салып, жөнделді, Алматы, Қызылорда, Шымкент қалаларының әуежайларында жаңа жолаушылар терминалдары ашылды. Сондай-ақ мұнай-химия, металлургия, тау-кен өнеркәсібінде ірі жобалар жүзеге асырылды. Өңдеу өнеркәсібі қарыштап, елдің

өнеркәсіптік құрылымында өндіруші сектормен бірдей деңгейге жетті. Сонымен қатар агроөнеркәсіп кешенінде технология айтарлықтай жаңартылып, кейінгі 10 жылда 27 млн тоннаға жуық дәнді дақылдан рекордтық өнім алынды. Елде жүйелі экономикалық реформа жүргізілді, бұлар кейбір жағдайда күрделі жүзеге асқанымен, бірақ қазір жемісін беріп келеді.

Әлеуметтік реформалардың ішінен «Ұлттық қор балаларға» жобасын айтуға болады. Сондай-ақ зейнетақы, жәрдемақы, шәкіртақы, мемлекеттік қызметкерлердің жалақысы көтерілді. Республика бойынша жүздеген жаңа мектеп, балабақша мен спорт кешендері салынып, оннан астам беделді шетелдік университеттің филиалдары ашылды. Бұқаралық спортты дамытып, азаматтардың шығармашылық әлеуетін нығайтуға да баса назар аударылды.

4 >

РЕСМИ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Озбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы «Орталық Азия» халықаралық өнеркәсіптік кооперация орталығының қызметін реттеу туралы келісімді ратификациялау туралы

2023 жылғы 9 қарашада Ташкентте жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Озбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы «Орталық Азия» халықаралық өнеркәсіптік кооперация орталығының қызметін реттеу туралы келісім ратификациялансын.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2025 жылғы 27 наурыз № 176-VIII ҚРЗ

ЕЛДІК ІС

«Біртұтас тәрбие» – адал азаматты қалыптастыратын бағдарлама

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Бұрабайдағы Ұлттық құрылтайда бала оқыту ісінде бұған дейін білімге көбірек көңіл бөлініп келгенін, ұрпақ тәрбиесіне қатысты жүйелі ұстаным болмағанын, бұл бағытқа тиісті деңгейде ден қойымай отырғанын сынға алып, біліммен бірге тәрбиеге айрықша назар аудару өте маңызды екенін айтты. Осыған орай Орталық коммуникациялар қызметінде мектепке дейінгі, орта білім, кәсіптік-техникалық білім ұйымдарындағы тәрбие мәселесіне арналған дөңгелек үстел өтті. Оған Оқу-ағарту министрінің орынбасары Еділ ОСПАН, Тәрбие жұмысы және қосымша білім беру департаментінің директоры Ерлан ҚАЛМАҚОВ, Ыбырай Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының вице-президенті Анар ТӘҢІРБЕРГЕНОВА, «Әкелер одағы» республикалық қоғамдық бірлестігі Астана қаласы филиалының төрағасы Бекдайыр КҮЗЕМБАЙ, А.Құнанбайұлы атындағы №87 мектеп-гимназиясының аға тәлімгері Данияр ИХСАН, М.Мақатаев атындағы №74 мектеп-гимназиясының 11-сынып оқушысы Арсланбек МАРАТҰЛЫ қатысып, орнықты ой-пікірлерін ортаға салды.

ӨЗЕКТІ

Банктер жаңа ережеге бағынады

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі (ҚНРДА) Ұлттық банкпен «соңғы сатыдағы қарыз» алатын банктерге арналған жаңа ережелерді жариялады. Енді мұндай банктер акционерлерге дивиденд, басыларға бонус төлей алмайды және өкілшілік шығыстарды арттыруға да құқығы емес.

Гүлбаршын АЙТЖАНБАЙҚЫЗЫ, «Egemen Qazaqstan»

5 банктің берешегі – 1,5 трлн теңге

28 қаңтарда өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев банктерге бұрын тиісті деңгейде тәуір көмек бөлінгенін, қазір қарыздарды қайтару қажеттігін еске салды.

«2017 жылдан бастап 2020 жылға дейін бірқатар ірі банкке мемлекет тарапынан, соның ішінде Ұлттық қор есебінен 15 жыл мерзімге қаржылай қолдау көрсетілгенін білесіздер. Бұл көмек банк акционерлері де ортақ жауапкершілікке ие болады деген талаппен берілді. Кейбір банктер өз шығындарын әлдеқашан өтеген. Бірақ мемлекеттің иелігіндегі қаржыны қайтаруға асықпайды. Тіпті оны жоғары пайызбен тәуекелді аз мемлекеттік қаржы құралдарына салып, кепілді табыс тауып отыр. Үкімет пен Ұлттық банкке шара қабылдауды тапсырамын.

5 >



ИННОВАЦИЯ

БІЗДЕ ИНЖЕНЕР МАМАНДЫҒЫ БАР МА, ЖОҚ ПА?

9

ӨМІР-ӨЗЕН

ҚАЙРАН ҚАСИЕТТІ ӘЖЕЛЕР-АЙ...

11

МӘДЕНИЕТ

САРДАЛАНЫҢ САҒЫНЫШЫ СЫНДЫ САЗСЫРНАЙ

13